



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

аударайық: *"I remember my nain - when I was about four - she couldn't speak a word, word of English, always Welsh, Welsh, Welsh". ~ Бала болғанымда әжемнің ағылшынша бір де бір сөз білмей, оның орнына Уэльсше сөйлей бергені есімде.* Уэльс жерлерінде "Nain" сөзі "әже" деген мағынада қолданыс тапқан. Бұл сөздің тіпті біршама диалектілік нұсқалары бар. Олар: ***ganny, grammer, grammy, gran, grandma, grandmam, grandmayer, grandmom, grandmum, granny, nan, nana, nany.*** Жоғарыдағы мысалдарға қарап, көптеген тілдерге диалект деген ортақ құбылыс екенін айтқымыз келеді. Ағылшын тілінің аумақтық диалектілері сондай-ақ Индонезияда, Папуа Жаңа Гвинеяда, Гавай аралында, Оңтүстік Африкада, Африканың Сьерро-Льон, Камерун мемлекеттерінде, Тринидадта, Нигерияда да кездеседі. Бұл аумақтарда адамдар көптеген басқа тілде сөйлегенімен, олардың креоль тілінде сөйлейтіні де анықталаған. Креоль тілі деп отырғанымыз ағылшын тілінің сөздері мен жергілікті жердің сөздері араласып келетін тіл. Ағылшын тілінің сөздері бұл тілдердің лексикалық құрамында жиі кездесіп отырады. Сонымен бірге, диалектілерді аудару кезінде олардың стандартты тілдің грамматикасынан қаншалықты ауытқитынын зерттеп алған жөн. Мысалы ағылшын тілінің африкандық диалектісінде мынадай грамматикалық ауытқушылық бар: ***He been married.*** Бұл сөйлемде ***has*** көмекші етістігінің түсіп қалуын байқауымызға болады және оны аударғанда біз ***"Ол үйленген"*** деген мағына шығады. Ал стандартты тілде бұл сөйлем ***He has been married*** деп айту грамматикалық тұрғыдан дұрыс болып саналады және ***"Ол бір кездері үйленген" (қазір басы бос)*** деп аударылады. Қарап отырсақ, диалектілер стандартты нормаға мүлдем қарама-қайшы. Сондықтан аудармашының тілді толық меңгеруі оның барлық қырларын білуіне байланысты деген тұжырымға келуге болады. Сонымен, ағылшын тілінің барлық диалектілері бір-бірінен ырғағы, дыбысталуы, сөздерді қолдануы мен грамматикалық тұрғыдан ауытқуымен ерекшеленеді. Бұл мәдениаралық қарым-қатынасты қиындататын фактор екені белгілі.

Түйіндей келе, ағылшын тіліндегі диалектілерді қазақ тіліне аудару қиын мәселе болып табылатынын ескеру қажет. Мұндай жағдайда арнайы шығарылатын аумақтық және лингвомәдени сөздіктерге жүгінуге тура келеді. Диалектілер тек қана ауыз екі тілде кездесіп қана қоймай, көркем әдебиеттерде де кездесіп жатады. Мұндай жағдайда, диалекті сөзді түсірудің орнына, оның табиғатын әбден зерттеп алу қажет деп санаймыз. Жалпы, диалектілерді, жаргон және слэнгтерді аудару үшін олардың қолданылатын аймағының психологиясын түсіну дұрыс болар деп ойлаймыз. Аудармашының сақ болуға тиісті тұстарының бірі осындай сөздерді аудару екенін есте сақтаған жөн. Сондықтан да, аудармашы ең алдымен сол ұлттың мәдениетін терең игеріп, әрі қарай оны зерттеуі керек. Осы жұмыс барысында автор алдағы уақытта ағылшын тіліндегі диалектілермен жеке әрі жете таныса отырып, оларды аудармада дұрыс анықтай білуді және аударуды мақсат етеді.

Қолданылған әдебиет

1. И.В.Зыкова. Практический курс английской лексикологии. уч.пособ.3-е изд.стер.,- М:Изд-е:"Академия",-2008-288стр.-145-159стр.
2. Dennis R. Preston, Roger W.Shuy. Varieties of American English. Teacher'sHandbook. New York
3. www.bl.uk/learning/langlit/sounds/regional-voices/lexical-variation.
4. www.dialectsarchive.com

УДК 347.78.034

КӨРКЕМ ДИСКУРСТАҒЫ КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫҢ АУДАРЫЛУ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Тельман Әйгерім Аманжолқызы

aigerim.telman@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті

Жұмыстың мақсаты – көркем дискурстағы кәсіби лексиканы аударудың амал-тәсілдерін талдау. Қазақ тіліндегі кәсіби лексиканы көптеген алымдар зерттеген: К. Айтазин, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, Ж. Досқараев, және т.б. Алайда кәсіби сөздерді көркем дискурста зерттеген ғалымдар аз, жоқ десек те болады. Бұл жұмыстың өзектілігін анықтайды.

1. Кәсіби сөздер түсінігі және түрлері

Әр халықтың күнделікті айналысатын кәсібіне байланысты және тұрмыста қолданатын сөздері сол тілдің актив лексикасының үлкен бөлігін құрайды. Сол себепті диалектілер мен кәсіби сөздерді ауызекі тілдің негізін құраушылары деп айтуға болады. Алайда оларды жалпылама лексикаға жатқызуға болмайды. Себебі кәсіби сөздер «кәсіп» деген сөзден құралғандықтан белгілі бір кәсіпке, мамандыққа байланысты туындаған сөздер екенін көрсетіп тұр. Белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдар тобы мұндай сөздерді бір-бірінің арасында ғана қолданатыны айқын. Сондықтан осы мамандықпен айналыспайтындар бұл сөздерді білмеуі мүмкін. Сондықтан кәсіби сөздерді қолдану аясы тар немесе арнаулы лексикаға жатқызады. Кәсібисөздер немесе профессионализмдердің анықтамасына келсек, көптеген ғалымдар өздерінің еңбектерінде олардың түсінігін және түрлерін ажыратып көрсеткен.

Ғ. Қалиевтің түсіндірме сөздігінде кәсіби сөздерге келесі анықтама берілген: **кәсіби лексика** – белгілі бір мамандық я кәсіп адамдарының (мал мамандары, дәрігерлер, заңгерлер, теңізшілер т.б.) тіліне тән, жалпы халық қолданбайтын сөздер мен сөз тіркестері. [1,147] Мысал ретінде халық ішіндегі емшілердің тіліндегі *басыр* (трахома ауруы), *шажырқай безі* (асқазан безі), *сормақта* (ем үшін тұзды ыстық суға матырылған түйе жүні) сөздері берілген. Демек, Ғ. Қалиевтің айтуынша, кәсіби сөздер жалпыға бірдей түсінікті болмайтын, тек белгілі топ адамдар арасында қолданылатын сөздер.

Ә. Хасенов кәсіби сөздердің көп жағдайда терминдермен қабысып келетінін атап өтеді. Кәсіби сөздердің жасалу жолдары жайлы айтылады, мәселен, кейбір кәсіби сөздер орыс тілінен кірсе, мәселен, Қазақстанның кен-металлургия, көмір өнеркәсіптерінде лава, забой, штрек, шлак, скат, мартен пеші, профодник, кондуктор, стрелочник, шпал, т.б. сынды сөздер; Ал лебедкашы (қыз), механикаланған, темір қиқымдары, науа жолы, ұшпыршы, штрекші, кірепшілер, т.б. сияқтылар қазақ тілі қосымшалары қосылу арқылы қалыптасады. [2,118]

Лингвистикалық терминдер сөздігінде «*профессионализмдерге*» белгілі бір мамандыққа қатысты қолданылатын сөз немесе сөз тіркесі деген анықтама беріледі. [3, 371]

Жалпы профессионализмдер немесе кәсіби сөздер белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдар не белгілі бір мамандық өкілдері арасында қолданылатын сөздер. Сондықтан олардың қолдану аясы тар, яғни жалпылама лексикаға жатпайды. Оларды арнайы лексикаға не кәсіби-терминдік лексикаға жатқызуға болады. Кәсіби сөздер мен термин сөздердің (кәсіби терминология) арасындағы айырмашылықты білген жөн. Термин сөздердің кәсіби сөздерден айырмашылығы – олардың ғылым, өндіріс, техника және т.б. салада қолданылуы, эмоционалды реңктің болмауы, мағынасының тұрақтылығы.

2. Көркем дискурстағы кәсіби лексиканың зерттелу жайы

Ағылшын және неміс тіл білімдерінде кәсіби сөздерді зерттеген ғалымдар: L.Hoffmann «Kommunikationsmittel Frachsprache», W. Schmidt «Deutsche Sprachgeschichte», Ischreyt H. «Sprachwandel durch die Technik. Wirken des Wort. Duselndorf», И. Шерцберг, В. Шмидт «Профессиональные языки и общенародный язык», Л. Морчакова «Профессиональная лексика англоязычных средств массовой информации: прагматика, семантика, структура», J. Kenyon «Cultural Levels and Functional Varieties of English», U. Hannerz «Language. Variations and Social Relationships»

Орыс тіл білімінде кәсіби лексиканы зерттеген ғалымдар: Н. Гаранина «Специальная лексика», Ф. Пономарев «Профессиональная лексика рыболовства», В. Даниленко «Русская терминология: опыт лингвистического описания», В. Портянникова «Некоторые проблемы

лексической характеристики жаргонизмов на материале молодежного жаргона совр.нем.яз», Е. Орестова «К истории формирования рыболовецкой терминологии Западной Сибири», Т. Сидорова «Языковой образ промысловой деятельности поморов в номинациях по роду занятий», Л. Лубожева «Роль профессиональной лексики в обогащении словарного состава общеупотребительного языка: на материале экономической терминологии английского и русского языков», Ю.Бельчиков «Терминологическая и производственно-профессиональная лексика в газете»

Соның ішінде кәсіби лексиканы көркем дискурста қарастырған ғалымдар: И. Чванова «Лексика прозы С.Т. Аскакова в культурологическом аспекте: специальная лексика рыболовства в «Записках об ужине рыбы»», В. Храмцова «В.П. Псковская рыболовецкая лексика в языке местных письменных памятников (на материале писцовых книги И.В.Дровина и Г.И.Морозова. 1585-1587 гг.)», С. Халимова «Профессиональная лексика в произведениях Сайидо Насафи», Е. Панаева «Функции специальной лексики в художественном тексте: на материале произведений М.А.Булгакова», Н. Шарова «К вопросу о контекстуальной экспрессивности нейтральных лексических единиц в контексте»

Қазақ тіл білімінде кәсіби лексиканы зерттеген ғалымдар: Ж. Досқараев «Арал, Каспий балықшыларының сөйлеу тіліндегі кейбір профессионалдык сөздер туралы», К. Айтазин «Профессиональная лексика рыбного хозяйства Казахстана», А. Жакыпов «Термины верблюдоводства в казахском языке», О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев «Қазақ тілінің аймақтық лексикасы», С. Арзымбетов «Русско-казахский сельскохозяйственный словарь».

Ал қазақ тіліндегі кәсіби лексиканы көркем дискурста зерттеген жұмыстар жоқтың қасы. Сол себепті бұл жұмыстың тақырыбы өзекті деп айтуға болады.

3. Көркем дискурстағы кәсіби лексиканың аударылу амал-тәсілдері

Бүгінгі таңда ағылшын тіл білімінде ерекше көңіл бөлініп, тыңғылықты зерттеулерді қажет етіп жүрген проблемалардың бірі және бірегейі – ағылшын тіл білімі теориясының қалыптасу тарихы, әртүрлі лингвистикалық салалар бойынша даму ерекшелігі, аударманың әлемдік деңгейде, алар орны мен қосар үлесі.

Көркем стиль шығармашылықта, өнердің барлық түрлерінде, мәдениет пен білім беруде кең қолданылады. Бұл стильдің негізгі қызметі ақпарат беруден басқа, ең маңыздысы, эстетикалық әсер беру: көркем сөздер арқылы адамның сезіміне, еркіне әсер етіп, оқырманның идеялық, моральдық қасиеттер мен эстетикалық талғамын қалыптастыруы тиіс.

Бұл жұмыста кәсіби лексиканың берілу амал-тәсілдерін талдау үшін екі балық шаруашылығымен байланысты көркем шығарма таңдалды. Солардың бірі – Эрнест Хэмингуэйдің «Шал мен теңіз» повесті.

"Шал мен теңіз" атты повесті Эрнест Хэмингуэйдің ең танымал повестерінің бірі болып саналады. Бұл шығарма Сантьяго атты кубалық балықшы шалдың өмірдегі ең ірі олжасына айналған алып балықпен күресін сипаттайды.

Повесть ағылшын тілінен орыс тіліне аударған Е. Голышева мен Б.Изакова. Ал орыс тілінен қазақ тіліне аударған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллин. Аударма түпнұсқадан емес, тәржімеден тәржімелеу болғандықтан, ағылшын-қазақ тілдері арасындағы байланыс сезілмейді. Сол себепті бізге үш тілдегі мәтіндерді қарастыруға тура келді.

Аудару кезінде аудармашы алдында бастапқы жөнелту бекеті тұрады, ол өз кезегінде аударманы соңғы бекетке дейін жеткізу керек. Ең алдымен аудармашы түпнұсқа мәтінін, оның мазмұнын, мағынасын мұқият оқып зерттеп, түсінеді; суреттелген жағдайды өз ойынан өткізіп, стилистикалық әсерін бағалайды. Көбінесе аудармашы түпнұсқа тіліндегі мәтінді көргенде, өз ішінен аударма тіліне автоматты түрде аударып оқиды. Одан кейінгі мақсаты – түпнұсқа тіліндегі барлық элементтердің аударылуын қамтамасыз ету.

Негізінен аудару амалдары мен тәсілдері сан алуан. Солардың ішіндегі кәсіби сөздерді аударуда кең қолданылатыны – транслитерация. Транслитерация – сөздің жазылуын, яғни латын әріптерін кириллицамен немесе керісінше алмастыратын аудармадағы грамматикалық трансформацияның түрі. Мысалы Бұл трансформация түрін Н.Ғабдуллин де, Е. Горышева да


қолданды. Мысалы, *marlin* сөзі орыс тілінде да, қазақ тілінде де *марлин* деп аударылады. Осылар сияқты тағы көптеген сөздерді атауға болады: *bonito* – *бонито* – *бонито*, *albacore* – *альбакоре* – *альбакоре*, *plankton* – *планктон* – *планктон*.

Келесі кең қолданылған аударма түрі – транскрипция. Бұл грамматикалық трансформацияның түрі сөзді естілуі бойынша жазып аударуды білдіреді. Мысалы, *harpoon* – *гарпун* – *гарпун*, *bitting* – *битенг* – *битенг*, *buoy* – *буй* – *буй*.

Транслитерациямен қатар тұратын, аударылатын тілде кейбіртілдік бірліктердің болмауына байланысты калькалау әдісі қолданылады. Бұл әдіс сөздің дыбыстық емес, комбинаторлық құрамын қайталайды, яғни аударылатын ілде жоқ сөз бөліктері (морфемалар) мен фраза бөліктері (лексемалар) аударылатын тілден алынады. Мысалы, *sardines* сөзі *сардины* деп түбірін (*sardin*) калькалау арқылы аударылса, қазақ тіліне ол *сардина-балық* деп аударылады, сонымен *catamaran motorboat* – *моторная лодка* – *моторлы қайық* сияқты мысалдарды атауға болады. Алайда, аудармаларды талдау нәтижесінде калькалау әдісі көбінесе ағылшыннан орыс тіліне аударғанда қолданылатыны анықталды: *tuna* – *тунец* (көк жон балық), *brisa* – *бриз* (жел), *fillet* – *филе* (ет), *daff* – *гафель* (дінгек).

Бұл повесть орыс тілінің тәржімесі болғандықтан, қазақ тілінде баламасы жоқ сөздер орыс тілінен транслитерацияланып алынған. Мысалы, *squid* – *каракатица* – *каракатица*, *man-of-war bird* – *фрегат* – *фрегат*, *gunwale of skiff* – *планир лодки* – *қайық планири*, *tiller* – *румпель* – *румпель*, *yellow jack* – *желтая умбрица* – *сарғылт түсті умбрица*, *trunk back turtle* – *лут* – *лут*. Ал кейбір сөздер тіпті аударылмай, түсірілген.

Кәсіби сөздер өздерінің пайда болуына байланысты көбінесе архаизмдерге жататындықтан, оларды аудару лексикалық трансформациялардың ішінен ең көп қолданылатыны сипаттамалық аударма. Яғни баламасы жоқ кезде, сөздің атайтын затты не құбылысты аударатын тілде сипаттау. Мысалы, *hoist* – *салбырата іліп қою*, *bait* – *наживка* – *жас балық*, *қармаққа шанышатын құрт-шабақ*, *turtling* – *ходить за черепахами*, *теңіз тасбасқасын аулауға шығу*, *rowing* – *садиться на весла* – *қайыққа отырып, қолына ескек алу*, *buoys* – *буй* – *буй*, *суға батпайтын кеспелек зат*, *Sargasso weed* – *саргассовые водоросли* – *сарғайған шуда-шуда балдыр*, *Portuguese man-of-war* – *португальская физалия* – *көгілдір түсті мақұлық-физалия*, *stringiness* – *волокнистость* – *тарам-тарам біту*, *loggerhead* – *бисса* – *бисса* деп аталатын *сарғылт тасбақа*.



Қазақстан жері аралдың ортасында мұхиттан алыс жерде орналасқандықтан, онда мекендейтін балық пен құстардың, аңдардың және өсетін өсімдіктердің атаулары қазақ халқы үшін таныс емес. Алайда қазіргі заманда дамыған технологиялар мен экономикалық интеграциялар арқасында тіліміз де дамып, жаңа сөздер қосылуда. Сол сияқты бұрын таныс болмаған заттар мен құбылыстарды қазіргі кезде мектеп оқулықтарынан, ақпарат құралдарынан оқып, таныса аламыз. Жаңа сөздерге атаулар беріліп, неологизмдер пайда болады. Біздің талдап жатқан повесімізде де қазақ тілінде салыстырмалы түрде жаңадан пайда болған сөздерді де көруге болады. Мысалы, *қанатты балық*, *теңіз қарлығаштары*, *қылыш балық*, *жабысқақ балықтар*, *электр дөңгелек (скат)*; солардың ішінде қазақ тілінде баламасы жоқ орыс тілінен кіріккен атаулар да аз емес: *багор*, *гарпун*, *марлин*, *акула*,

каракатица, бонито, альбакоре, фрегат, умбрица, макрель, лут.

shrimp	креветки	шаяндар
bait fish	мелкие рыбешки	майда балықтар
squid	каракатица (<i>кальмар</i>)	каракатица
flying fish	летучая рыба	қанатты балық
tern	морские ласточки	теңіз қарлығаштары
row	весло	ескек
buoys	буй	буй, суға батпайтын кеспелек зат
float	поплавок	қалтқы
motorboat	моторная лодка	моторлы қайық
bonito	бонито(<i>пеламида, малый тунец</i>)	бонито
albacore	альбакоре(<i>альбакор, длинноперый тунец</i>)	альбакоре
shank of the hook	стержень крючка	қармақтың сабағы
curve of the hook	изгиб крючка	қармақтың үшкір тармағына
point of the hook	острие крючка	имек ұшы
man-of-war bird	фрегат (<i>морская птица</i>)	фрегат
plankton	планктон	планктон
Sargasso weed	саргассовые водоросли	сарғайған шуда-шуда балдыр
Portuguese man-of-war	португальская физалия	көгілдір түсті мақұлық-физалия
porpoise	морская свинка	теңіз шошқасы
pectoral fin	крылья грудных плавников	балық арқасы
gunwale of the skiff	планшир лодки	қайық планширі
broadbill	меч-рыба (<i>утка-широконоска</i>)	қылыш балық
wire	проволка	сым
stern	кормовой настил (<i>корма</i>)	қайық күйрығы
steering	<i>управлять судном</i>	сапар шығу
turtle boat	охотиться за черепахами	теңіз тасбақаларын аулау
fin	плавник	қанат
stringiness	волокнистость	тарам-тарам біту
shovel-nosed shark	широконосая акула	жалпақ тұмсықты акула
vertebrae	позвоночник	омыртқа
blue runner	большая голубая макрель	көгілдір түсті үлкен макрель
yellow jack	желтая умбрица	сарғыл түсті умбрица
loggerhead	бисса	бисса деп аталатын сарғылт тасбақа
trunk back turtle	лут(<i>кожистая черепаха</i>)	лут

Қорытынды

Кәсіби лексика - қолөнер өндірісі кезінде пайда болып, дамыған және қазіргі кезде ескіден қалған сөздер тобына жатқызылатын және жаңа терминдерге орын берген лексика. Кәсіби лексиканы тудырған кәсіптерге теңіз ісін, тау-кен өндірісін, балық аулау, аңшылық пен тігіншілікті жатқызамыз, себебі олар ғылым терминдері арасында да, әдеби тіл сөздері арасында баламасы жоқ ескі қолөнер түрлері мен арнайы кәсіптердің атаулары.

Кәсіби сөздер өздерінің шығу тегі бойынша көбінесе архаизмдер болып келетініктен оларды аударуда ең тиімді әдістерге транслитерация, транскрипция мен сипаттамалық аударма жатады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 2005
2. Әмеди Хасенов. Тіл білімі (Толықтырылып, екінші рет басылуы), Алматы, 1996
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов, Москва, 1966
4. Мусабаев Г. Г. Современный казахский язык: лексика, Алматы, 1959

УДК 347.78.034

СИМВОЛ СӨЗДЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ МЕН АУДАРМАСЫ

Тлеухорова Асель Ерболатовна

tleuhorovasel@mail.ru

Студент кафедры общего языкознания и теории перевода Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумелева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б.Н.Сулейменова

Тіл таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан да ол әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. Мәдениет бір жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар.

Символдың тіл мен мәдениет сабақтастығында зерттелу жайына шолу жасай келе, символды әр ұлт мәдениетіне тән ерекше құбылыс ретінде қарастыру әлі де толыққанды сипатта емес деген қорытындыға келуге болады, яғни тіл білімі мен аударматанудың өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеу жұмыстарының болашағы зор. Мұның өзі символдың күрделі табиғатын жан-жақты және терең зерттеуге мүмкіндік жасайды.

Қазақ және ағылшын тілдерінде символды ұлт мәдениетіне қатысты тілдік таңба ретінде қарастырылады. Символ – адам санасының дамуымен байланысты, дүниетанымның тереңдеуінің нәтижесі болып табылатын ерекше құбылыс. Символ – бұл екі типтес тілде әмбебап категория, сондықтан символ табиғатын ашуда бір ғана ғылым саласының жетістігіне сүйену жеткіліксіз. Символ сезім арқылы танылатын нәрсе болғандықтан, интуитивті түрде ғана танылатын белгілі бір идеяны арқалайды. Символды белгілі мәтіннен интуитивті түрде алынған контекст ретінде қарастырамыз. Ал контекстің әр түрлілігі символға көпмағыналық сипат береді. Символ белгілі бір тілдік жүйе ретінде ғаламның тілдік бейнесін танытады. Сонымен қатар, қазақ және ағылшын тілдерінде символға тән өзіндік сипаты – уәжділік, архетиптілік, образдылық.

Мәселен, символдың белгісі оның – образдылығы. Образ тек көркем шығармада орын алмайды. Оған тіліміздегі жеке образдар дәлел. Бұл жеке образдар – бейонимдену процесінің нәтижесі. Жиынтық образға айналған аңыз кейіпкерлері мен өмірде болған тұлғалардың есімдері жатады: Асан қайғы, Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр, Қарабай, Қодар, Қозы Көрпеш Баян сұлу, Жібек пен Төлеген т.б. Бұл жиынтық образдардың символдық жағын ашу үшін тілдік деректермен бірге этнографиялық, фольклорлық және тарихи мәліметтерге сүйенуіміз қажет. Мәселен, Алдар көсе аты „қу, айлакер, тапқырлық”, Қорқыт аты „өміршендік, өлместік”, Атымтай „жомарттық”, Асан қайғы „сары уайым, қайғы”, Қозы Көрпеш Баян сұлу есімдері „махаббат, сүйіспеншілік”, Жиренше „жезтаңдай шешен” ұғымдарымен астасып, осылардың символы болып табылады.

Сонымен қатар символдық мағына адам танымының тереңдеуімен, ұлттың мәдени-тарихи өмірімен тығыз байланысты. Мәселен, «жусан» сөзінің символдық мағынасын қарастырылды. Жусан – қазақ халқы үшін қасиетті шөптердің бірі. Халық өлеңінде Жусан иісі аңқыған ауылымды сағындым” деген жолдар халық үшін ауыл мен жусанның иісі бар, егіз ұғымдар екенін көрсетеді. М.Әуезов айтқандай, жусан – қазақтар туған жерді, Отанды бейнелейді. Жаңа туған нәрестені жусан шөбі – тұндырылған сумен жуындырады. Осыдан